

НАО «Костанайский  
региональный  
университет  
имени А.Байтурсынова»



Утверждаю  
Директор проректора  
А.Исмаилов  
10.09.2020г. 2020г.

**ПРОГРАММЫ КУРСОВ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ**

**Программы повышения квалификации и  
переподготовки кадров гуманитарно-социального направления**

**Бағдарлама**

**«Латын негізді жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережелері»**

Көлемі 36 сағат.

Жетекшілер: Сейсембай Т.Т., гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
Есіркепова К.Қ., ф.ғ.к., кафедраның қауымдастырылған профессоры.

**Бағдарламаның сипаттамасы**

"Латыннегізді жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережелері" курсының бағдарламасы күнделікті тұрмыста және кәсіби салада латыннегізді жаңа әліпбиді қолдануды практикалық меңгеруге бағытталған. Курс ЖОО қызметкерлеріне, мектеп мұғалімдеріне, мемлекеттік қызметшілерге және жаңа әліпби мен емле ережелерін үйренемін, жылдам оқып, сауатты жазуға талаптанушыларға арналған. Курста білім алушылар теорияны ғана үйреніп қоймай, тақырыптар бойынша жүйеленген түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды орындау арқылы жаңа әліпби мен емлеге қатысты базалық білімдер мен дағдылар қалыптастырады.

Жаңа жазуды меңгеру барысында әрбір адамның алдында, ең алдымен, барынша жылдам әрі сауатты жазу және қарқынды оқу дағдысын қалыптастыру қажеттілігі туындайтыны белгілі. Сол себепті жаңа емлеге сәйкес түзілген тапсырмалар жүйесі, негізінен, жазылым және оқылым дағдыларын меңгертуге бағытталады. Жазылым тапсырмалары қолдағды қалыптастыра отырып, емле ережелерін меңгертуге көмектесе, оқылым тапсырмалары көздағды қалыптастыру арқылы қармап оқуға баулиды. Сонымен қатар оқылым тапсырмалары орфоэпия заңдылықтарын меңгерту мақсатын көздейді. Бағдарламада тапсырмаларда таным әрекетінің деңгейіне сай, өз ішінде, емле ережесінің ғылыми негіздерін білу, түсіну жаттығулары (есте сақтаныз, анықтаңыз, астын сызыңыз, көшіріңіз, мән беріңіз, табыңыз т.б.), қолдану менталдау деңгейіндегі жаттығулар (жаңа қазақ жазуымен жазыңыз, орнына қойыңыз, бағандарға бөліңіз, топтастырыңыз, қатесін түзетіңіз, дұрыстығын тексеріңіз, талдау жасаңыз, талқылаңыз, түсіндіріңіз, себебін айтыңыз т.б.) және жинақтау, бағалау деңгейіндегі жаттығулар (жалғастырыңыз, құраңыз, құрастырыңыз, уәжділігін дәлелдеңіз т.б.) қамтылады. Тапсырмаларды жеке, жұппен және топпен орындауға болады.

Бағдарламаның өзектілігі қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне және қазақ тілінің латыннегізді жаңа әліпбиге кезең-кезеңмен көшіру туралы Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға негізделген.

**Бағдарламаның мақсаты:** Латыннегізді жаңа қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережелерінің құрылымын, жаңалықтарын, емле нормаларын меңгерту.

**Міндеттері:**

- жаңа қазақ әліпбиінің графикасы мен құрамы және әріп-фонема арақатынасы, жаңа қазақ әліпбиі таңдалуының қысқаша тарихы, қазіргі айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы туралы жаңа білімдер беру;
- жазу мәдениетінің жоғарылығы мен емле сауаты қазақ қоғамының жаңа бейнесін жасайтыны, мамандардың жоғары біліктілігінің көрсеткіші болатыны, қазақ тілінде жана графикамен жазу және ісқағаздарды жаңа емлемен жүргізу мемлекеттік тілдің мәртебесін бекітетіні және қазақтілді тұлғаның беделін арттыратыны туралы танымдар мен түсініктерін кеңейту;
- жаңа әліпбиге негізделген емле ережесіндегі тараулар, параграфтар, ескертулер бойынша тілдік орфографиялық білім беру;
- қазақ тілі емле ережелеріндегі дәстүрлі жазу нормалары мен жаңалықтарды, қазақ тілі емлесіндегі босаң нормалардың әрқайсысының ғылыми негіздерін айқындап, жаттығу, сұрақ-жауап, тапсырмалар түрінде меңгерту;

- кісі тегінің емлесі, қазақ тіліндегі қосымшаларды қабылдау емлесі туралы білім беру; шеттілдік сөздердің жаңа орфографиясын меңгерту
- ІТ құрылғыларын қолданып, компьютер тақтасында жазуға, теруге жаттықтыру.

**Күтілетін нәтиже:**

- тыңдаушылар қазақ жазуының латын әлінбиіне өту шешімінің тарихи негіздемесі, жазудың ұлттың бірегейлікті, бұқаралық сананы қалыптастырудағы қызметі мен маңызы, тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің айырмашылығы туралы іргелі, қолданбалы білім алады;
- жазу мәдениеті мен емле сауаты мамандардың жоғары біліктілігінің көрсеткіші болатыны, қазақ тілінде жаңа графикамен жазу және ісқағаздарды жаңа емлемен жүргізу мемлекеттік тілдің мәртебесін бекітетіні және қазақтілді тұлғаның беделін арттыратыны туралы идеялармен қаруланады;
- жаңа қазақ әлінбиінің графикасы мен құрамы және әріп-фонема арақатынасы, жаңа қазақ әліпбиі таңдалуының қысқаша тарихы, қазіргі айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы туралы жаңа білімдер алады;
- қазақ тілі емле ережелерінің басты және қосалқы ғылыми ұстанымдары, қазақ емлесіндегі дәстүр мен жаңашылдық; қазақ тілі емлесіндегі жаңалықтардың лингвистикалық негіздері туралы білімдерін арттырады;
- қазақ тілі емлесіндегі дәстүрлі жазу мен жаңалықтардың, емледегі босан нормалардың әрқайсысының ғылыми негіздері айқындалып, жаттығу, сұрақ-жауап, тапсырмалар түрінде меңгеріледі;
- жаңа емлеережесіндегі негізгі нормалармен танысады, емлесі қиын сөздердің емле уәжін меңгереді;
- ІТ құрылғыларын қолданып, компьютер тақтасында жазуға, теруге дағдыланады.

## КУРСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ:

№	Мазмұны	Дәріс сабақтары	Практикалық сабақтар	Барлығы
<b>1 Модуль. Дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі</b>				
1.1	Қазақ тілі емле ережесінің жаңа жобасы	Дәріс -1		1
1.2	Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері. Әріптердің емлесі.		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 1	3
1.3	Дыбыс тіркесін таңбалайтын әріптер		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 2	4
<b>2 Модуль. Төл сөздер емлесі</b>				
2.1	Түбір сөздердің емлесі. Бірге жазылатын сөздердің емлесі		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 2	4
2.2	Күрделі сөз бен тұрақты тіркестердің емлесі		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 2	4
2.3	Бөлек жазылатын сөздердің емлесі		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 2	4
2.4	Дефиспен жазылатын сөздер емлесі		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 1	3
<b>3 Модуль. Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі</b>				
3.1	Шеттілдік сөздерінің орфографиялануы және орфоэпиясы		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 1	3
3.2	Шеттілдік сөздердегі қосарлы дауыссыздардың жазылу емлесі		Семинар-коучинг 2 Семинар-тренинг 1	3
<b>4 Модуль. Бас әріптердің емлесі</b>				
ІҮ 4.1	Бас әріппен жазылатын сөздердің емлесі. Күрделі номенклатуралық атаулардың емлесі		Семинар-коучинг 1 Семинар-тренинг 2	3
4.2	Қысқарған сөз емлесі мен тасымал тәртібі.		Семинар-коучинг 1 Семинар-тренинг 1	2

<b>5 Модуль. Бағалау-рефлексивті модуль.</b>				
<b>5.1</b>	Сауалнама. Кері байланыс.			<b>2</b>
		<b>Барлығы:</b>	<b>1</b>	<b>35</b>
				<b>36</b>

## Курстың мазмұны

### **1 Модуль. Дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі**

#### **1.1 Қазақ тілі емле ережесінің жаңа жобасы**

Орфографиялық ереже, орфографиялық нормалардың нормалардың жазба тілді реттеудегі қызметі мен маңызы. Қазақ тілі емлесінің жаңа ережелері: құрылымы, жаңалығы. Емле. (орфографиялық ереже). Орфографиялық норма. Жазба тілді реттеудің маңызы.

Қазақ тілі емле ережелерінің басты және қосалқы ұстанымдары.

#### **1.2 Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері. Әріптердің емлесі.**

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбалануы. Позиция талғайтын әріптер (ә, ү, ө, ұ, о; б, д) мен оларға қосымша жалғауды меңгерту әдістері және орфоэпиясы.

Бейүндес жазылатын сөздер және олардың орфоэпиясын оқыту әдістері. Ы, і әріптерінің емлесін меңгерту тәсілдері және орфоэпиялық ерешеліктері.

Үндесім заңының (сингармонизм заңы) ауызша тілдегі айтылымы мен жазбаша тілдегі жазылымының арасында айтарлықтай айырмашылық.

#### **1.3 Дыбыс тіркесін таңбалайтын әріптерді оқыту**

Дыбыс тіркесін таңбалайтын әріптер (и, у) емлесі мен орфоэпиясы және тасымал мәселесі.

Я, ю әрпі бар төл сөздердің таңбалану ерекшеліктері.

Я, ю әріптері – қазақтың төл сөздерінде, көбінесе шеттілдік сөздерде жазылатын әріп таңбалары.

### **2 Модуль. Төл сөздер емлесі**

#### **2.1 Түбір сөздердің емлесі. Бірге жазылатын сөздердің емлесі.**

Қосымшалар арқылы бірге жазылатын сөздердің емлесі. Сөз алды сыңарлары бар күрделі сөздер емлесі. Сөз соңы сыңарлары бар біріккен сөздер емлесі. Мағыналық өзгерістер арқылы бірге жазылатын сөздердің емлесі. Кіріккен сөздер құрамы мен белгілерін үйрету және емлесі.

#### **2.2 Күрделі сөз бен тұрақты тіркестердің емлесі.**

Бірге және бөлек жазылатын сөздердің аражігін ажырату тәсілдері және оның емлесі. Ан, құс, өсімдіктердің күрделі атауларының емлесі.

#### **2.3 Бөлек жазылатын сөздердің емлесі.**

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің бөлек жазылу себептері. Күрделі етістіктердің емлесі. Күрделі сын есім мен үстеудің және есімдіктердің емлесі. Ырғақтық топтың, күрделі сөзді ұластырып айту орфоэпиясы.

#### **2.4 Дефиспен жазылатын сөздер емлесі.**

Қос сөздер (қайталама, қосарлама, грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер) емлесі. Цифрлардың қолданылуындағы дефистің қызметі.

### **3 Модуль. Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі**

#### **3.1 Шеттілдік сөздерінің орфографиялануы және орфоэпиясы**

э, е, ц, ч, щ, әріптері бар сөздердің жаңа емлесі және оларға қазақ тілі қосымшаларының жалғануы.

ю әрпі бар сөздердің жаңа емлесі және қазақ тілі қосымшаларының жалғануы.

я әрпі бар сөздердің жаңа емлесі және қазақ тілі қосымшаларының жалғануы.

ь, ь таңбалары бар сөздердің жаңа емлесі және қазақ тілі қосымшаларының жалғануы.

х әрпі бар сөздердің және h-мен жазылатын сөздердің жаңа емлесі және қазақ тілі қосымшаларының жалғануы.

#### **3.2 Шеттілдік сөздердегі қосарлы дауыссыздардың жазылу емлесі.**



Қосар дауыссыздармен келген шеттілдік сөздердің емлесі. Сөз ішінде және сөз соңында қайталанған дауыссыздары бар терминдердің жаңа емлесі.

Айтылуы бойынша жазылатын кірме сөздер емлесі.

Бейүндес буынды кірме сөздерге қосымша жалғаудың емле ережелерін оқыту әдістерімен орфоэпиясы.

#### **4 Модуль. Бас әріптердің емлесі**

**4.1 Бас әріппен жазылатын сөздердің емлесі. Күрделі номенклатуралық атаулардың емлесі**  
Жалқы есімдер емлесі. Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі. Күрделі атаулар емлесі. Қазақ тіліндегі кісі тегінің жазылу емлесі. Кісі есімдері мен тегіне қосымшалардың жалғану емлесі.

#### **4.2 Қысқарған сөз емлесі мен тасымал тәртібі**

Қысқарған сөздерге қосымша жалғау емлесі. Тасымал тәртібі.

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері. Егемен Қазақстан, 2019.
2. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы: ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А.Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 560 б.
3. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
5. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 1993. – 162 б.
6. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 380 б.
7. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: 2005. – 144 бет.
8. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 жж.): филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2010. – 142 б.
9. Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы // Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2010.
11. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші қазақ» газеті. – 27.03.1929.
12. Шонанұлы Т. Шет сөздердің емлесі жайында // «Еңбекші қазақ» газеті
13. Базарбаева З. Некоторые аспекты реформирование казахского алфавита на основе латинской графики // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.
14. Досанова А.Ж. Латын әліпбиі негізінде сауат ашу әдістемесі: пед.ғ.к. ... дисс. – Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2009. – 166 б.
15. Жүнісбек Ә. Әліпби мәселесі // [http:// old.abai/kz/content/elimkhan-zh-nisbek-elipbi-meselesi](http://old.abai/kz/content/elimkhan-zh-nisbek-elipbi-meselesi)
16. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы: филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2010.